

Kingfish және Halibut ашылды. Құбырлар бойынша өнім дайындайтын, өздерін байланыстыратын платформалардан өнім жағалауға тасмалданылады. Barracouta-ның 4 кен орны жағадан 24 км қашықтықта 46 метр тереңдікте орналасқан. Мұнай мен газ жағалауға сәйкесінше 150 мм және 450 мм құбырлармен тасмалданады.

Австралиядан Тасманияға дейін құрлық бойымен 430 км Бассов 305 км-де газ құбыры орналасқан. Құбыр Longford (штат Виктория) қаласынан басталып, Австралия территориясы бойынша созылған.

Тасмания Лонсестон қаласының маңында бөлінеді: солтүстік бөлік солтүстік-батыс жағалауға кетеді, ал оңтүстік Хобартқа дейін кетеді. Құрылыс бір уақытта құрлық пен бұғазда жүргізілген. Құрылыстың мақсаты: Тасманияны газбен қамтамасыз ету және соған байланысты аралда гидроресурстарды қолдану өз максимумына жетеді және қосымша энергия көзінсіз өндірістің ары қарай өсуі мүмкін емес.

1.5.2 Оңтүстік Америка

Бразилия

Мұнай. Бразилияда мұнай қорларының 8,15 млрд. баррельді бар. Бірақ, ол Аргентинада, Сауд Арабиясында және Венесуэлада тұтынылатын мұнай мен мұнай өнімдерінің 40%-ын импорттайды. 2002 жылы мұнайды өндіру күніне 1,269 мың баррельді құраған, ал тұтыну күніне – 2,155 мың баррельді құраған.

Рио-де-Жанейродан оңтүстік шығыста орналасқан Campos бассейні мол мұнай қорларына ие және дәл осында оны қазіргі уақытта өндіру жүзеге асырылуда. Campos бассейнінің ауданында Бразилияның мұнай қорының 80%-ы жинақталған. Жаңа ашылулар нәтижесінде бұл ауданда мұнай қоры екі есеге көбейген және қазіргі кезде 1,5 млрд. баррельді құрайды: 9-MML скважиналарын бұрғылау бар қорларға 270 млн. баррельді қосты, I-ESS-121-скважиналары 600 млн. баррельді, Jubarte кен орны 600 млн. баррельді қосты.

Венесуэла

Мұнай. Венесуэлада дәлелденген мұнай қорлары 77,8 млрд. баррельді құрайды. Ол әлемдегі он ең ірі мұнай өндірушілер қатарына жатады. 2002 жылы елде күніне 2,9 млн. баррель алынған, олардың 2,46 млн. экспортқа кеткен. Бұл мұнайдың 62%-ы танкерлер көмегімен тура АҚШ-қа тасымалданған. АҚШ-тан басқа Венесуэла мен Мексика Орталық Америка мен Кариб бассейндерінде көршілес елдерді де мұнаймен қамтамасыз етеді.

Венесуэлада мұнай қорлары негізінен төрт бассейндерде шоғырланған: Маракайбо, Фелкон, Апуре және Ориентал. Қорлардың көпшілігі ауыр мұнай.